# 2005 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламалардың паспорттарын бекіту туралы (Қазақстан Республикасының Республикалық ұланы)

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 22 желтоқсандағы N 1354 Қаулысы

Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 24 сәуірдегі Бюджет кодексіне сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мыналардың:

396, 397, 398, 399-қосымшаларға сәйкес Қазақстан Республикасы Республикалық ұланының 2005 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламаларының паспорттары бекітілсін.

2. Осы қаулы 2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 22 желтоқсандағы N 1354 қаулысына 396-қосымша

*Ескерту. 396-қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.05.25. N 509 қаулысымен.*

678 - Қазақстан Республикасының Республикалық ұланы

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2005 жылға арналған "Қорғалатын адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және салтанатты рәсімдерді орындауға қатысу" деген 001 республикалық бюджеттік бағдарламаның ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 1259978 мың теңге (бір миллиард екі жүз елу тоғыз миллион тоғыз жүз жетпіс сегіз мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: Қазақстан Республикасының 2004 жылдың 24 сәуірдегі Бюджеттік кодексі ; "Әскери қызметшілердің және олардың отбасы мүшелерінің дәрежесі және оларды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылдың 20 қаңтардағы Заңы ; " Республикалық ұлан туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылдың 5 желтоқсанындағы Заңы ; Қазақстан Республикасының 2004 жылдың 2 желтоқсандағы " 2005 жылдың республикалық бюджеті туралы" Заңы ; "Қазақстан Республикасының

Республикалық ұжданы туралы Ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 28 тамыздағы N 1428 Жарлығы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: дәстүрлі рәсімдерді орындауға қатысу, мемлекет Басшысының және өзге күзетілетін адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, аса маңызды мемлекеттік объектілерді күзету, Қазақстан Республикасының Республикалық ұлан әскери бөлімдерінің алдына қойылған міндеттердің орындалуын және оларды бақылауды іске асыру.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: күзетілетін адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысу; Қазақстан Республикасының дипломатиялық және хаттамалық іс-шараларын, мерекелері мен салтанаттарын өткізу барысында дәстүрлік рәсімдерді атқаруға қатысу; аса маңызды мемлекеттік объектілерді, сондай-ақ тізбесін Қазақстан Республикасының Президенті белгілейтін үйлерді, ғимараттарды және қызметтік жайларды күзету; Қазақстан Республикасы Мемлекеттік туының және Қазақстан Республикасы Мемлекеттік елтаңбасының эталондарын күзету; Республикалық ұланның тұрақты жауынгерлік даярлықты ұстау жөніндегі іс-шараларды әзірлеу және орындалуын ұйымдастыру; Республикалық ұланға жүктелген міндеттерді орындау барысында туындаған жағдай туралы мәліметтерді жинау және талдау; шұғыл және жауынгерлік даярлыққа, оқу-тәрбие процесіне басшылық жасау; қызметтік-жауынгерлік іс-әрекеттің қамтамасыз етілуін ұйымдастыру, кадрларды іріктеу, орналастыру және тәрбиелеу, жеке құрамды есепке алу және бақылауды ұйымдастыру.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

| N п/п | Бағ. дар. лама коды | Кіші бағ. дар. лама коды | Кіші бағдарлама. лардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орын- даушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | | 001 | Қорғалатын адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және салтанатты | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | ресімдерді орындауға қатысу | | |
| 2 | 008 | Мемлекеттік органдардың ғимараттарын, үй-жайлары мен құрылыстарын күрделі жөндеу | Мемлекеттік сараптаманың ұсынылған сараптамалық қорытындысына сәйкес Республикалық ұланның объектілеріне күрделі жөндеуді іске асыру. | Жыл бойы | Республикалық ұлан |
| 3 | 017 | Ақпараттық жүйелердің жұмыс істеуін қамтамасыз ету және мемлекеттік органдарды ақпараттық-техникалық қамтамасыз ету | Жұмсалатын материалдарды сатып алу. 1С-Бухгалтерия бағдарламасына ілесіп жүру және 1 қызметкерді оқыту. Есептеу техникасын сатып алу: -офистік сканер - 2 бірлік; -жұмыста пайдаланылатын стансалар - 10 бірлік; -қол компьютері (Notebook) - 1 бірлік; -локалды принтер - 5 бірлік; -түрлі-түсті плойтер - 1 бірлік; -1 кВт астам үзіліссіз қуат көзі - 1 бірлік. Бағдарламалық өнімдерді сатып алу: -операциялық жүйе және деректер базасын басқару жүйесі - 10 жиынтық; -антивирустық бағдар- | Жыл бойы | Республикалық ұлан |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | лама - 16 жиынтық; -басқа да лицензиялanған өнімдер (Microsoft office) - 10 жиынтық; -қолданбалы бағдарламалық қамтамасыз ету (1С-Бухгалтерия) - 2 жиынтық. | | |
| 4 | 100 | Орталық аппарат | Штат санының шегінде 62 бірлік әскери қызметшілерді және қызметшілерді ұстау. Тауарлық-материалдық құндыларды сатып алу газеттер мен журналдарға жазылу. Тұрақты жауынгерлік даярлықты ұстау жөніндегі іс-шараларды әзірлеу және орындалуын ұйымдастыру, Республикалық ұланға жүктелген міндеттерді орындау барысында туындаған жағдай мәліметтерді жинау және талдау. | Жыл бойы | Республикалық ұлан |
| 5 | 101 | Әскери бөлімдер | 1634 штаттық бірлік әскери қызметшілерді және қызметшілерді ақшалай төлемнің барлық түрімен қамтамасыз ету. Тұрақты жауынгерлік даярлықты ұстау үшін әскери бөлімдердің өмір тіршілігін қамтамасыз етуге | Жыл бойы | Республикалық ұлан |

арналған тауарларды жұмыстарды және қызметтерді сатып алу.
Әскери қызметшілерді тағаммен, құрғақ паекпен, нысандық киім-кешекпен, аяқ киіммен және фурнитурамен қамтамасыз ету.
Жеңістің 60-жылдығына арналған парадқа қатысуды қамтамасыз ету.
Жанар-жағар май материалдарымен қамтамасыз ету.
Көлік иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру жарнасын төлеу, Президенттік оркестрді дыбыс жазу қызметтерімен қамтамасыз ету.
Компьютерлерді сертификациялау қызметі.
Ғимараттарды, үй-жайларды, жабдықтарды және басқа негізгі құралдарды ұстау, қызмет көрсету, ағымды жөндеу жүргізу жөніндегі қызметтер.
Арзан тауарлық-материалдық құндыларды жұмсалатын материалдар сатып алу.
Газеттер мен журнал-

дарға жазылу.
Макеттерді, стендтерді және басқа үгіттеу көрнекілігін әзірлеу.
Ғимараттарды, құрылыстарды және көлік құралдарын жалға алу.
Штаттан тыс қызметкерлердің еңбек ақысын төлеу.
Сатып алу:
-қару-жараққа оқ-дәрілерді;
-қару-жарақ суық қару, каруларға қосалқы бөлшектер мен жабдықтарды;
-командир көші - 4 жиынтық;
-шатырларды;
-медициналық қобдишаларды және таңу орамалдарын;
-төсек керек-жарақтарын;
-спорттық мүліктер мен саймандарды;
-ас үй-асханалық ыдыстарды;
-медальдарды - 100 дана;
-палуандар кілемін - 1 жиынтық;
-өрт-күзету сигнализациясын;
-УКВ радиостанция транкингтік кешенін - 1 жиынтық;
-клавиатурасы бар

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | транкингтік стационарлық радиостанциясын - 2 жиынтық; -клавиатурасы бар транкингтік қол радиостанциясын - 10 жиынтық; -транкингтік қол радиостанциясын - 10 жиынтық; -қол радиостанциясын - 10 жиынтық; -концерттік костюмдер мен аяқ киімдерді; -музыка аспаптары мен жабдықтарын; -жеңіл автомобильдерді - 4 бірлік; -автобус - 2 бірлік; -кітапхана қоры және арнайы оқу-әдістемелік әдебиеттерді; -мерзімді қызметтің 580 бірлік әскери қызметшісін қамтамасыз ету үшін жиһазды, шаруашылық және өрт саймандарын; - электрлік тамақ пісіретін қазан - 5 дана. | | |
| 6 | 102 | Әскери және өзге техниканы жаңғырту және сатып алу | Сатып алу: -бронетранспортерлер - 2 дана; -КАМАЗ-740 двигательдері - 2 дана; -жылжымалы далалық ас үй - 2 дана. | Жыл бойы | Республикалық ұлан |

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: Республикалық ұланның жауынгерлік даярлығына тиімді басшылық жасау, жоғары білікті кадрлармен жасақтау тұрақты қызметтік-жауынгерлік әзірлікте ұстау, күзетілетін объектілерді берік күзету, тиісті деңгейде протоколдық және дипломатиялық іс-шараларды қамтамасыз ету, Қазақстан республикасы Республикалық ұланының алдында тұрған тапсырмаларды уақытында және сапалы орындау.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2004 жылғы 22 желтоқсандағы
N 1354 қаулысына
397-қосымша

678 - Қазақстан Республикасының Республикалық ұланы
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2005 жылға арналған "Республикалық ұлан объектілерін салу" деген 002 республикалық бюджеттік бағдарламаның ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 564599 мың теңге (бес жүз алпыс төрт миллион бес жүз тоқсан тоғыз мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: 2004 жылғы 24 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Бюджеттік кодексі ; "Әскери қызметшілердің және олардың отбасы мүшелерінің дәрежесі және оларды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 20 қаңтардағы Заңы ; "Республикалық ұлан туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 5 желтоқсандағы Заңы ; Қазақстан Республикасының 2004 жылдың 2 желтоқсанындағы "2005 жылдың республикалық бюджеті туралы" Заңы ; Қазақстан Республикасының "Республикалық ұлан туралы Ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 28 тамыздағы N 1428 Жарлығы ; "2005-2007 жылдарға Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының орташа мерзімді жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 31 тамыздағы N 917 қаулысы ; "2005 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын жүзеге асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 8 желтоқсанындағы N 1289 қаулысы.

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Қазақстан Республикасы Республикалық ұланның келісім-шартты әскери қызметшілерінің қызмет атқаруын тиісті қамтамасыз ету.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: Қазақстан Республикасы Республикалық ұлан әскери қызметшілеріне қазіргі заманғы талаптарға жауап беретін тұрғын үй-тұрмыстық жағдайын жасау.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

| N п/п | Бағ. дар. лама коды | Кіші бағ. дар. лама коды | Кіші бағдарлама. лардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орын- даушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 002 | | Республикалық ұлан объекті- лерін салу | "Қазақстан Респуб- ликасының "2005 жылдың республика- лық бюджеті туралы" Қазақстан Республи- касы Үкіметінің Заңын жүзеге асыру туралы" 2004 жылғы 8 желтоқсандағы N 1289 қаулысының 2 қосымшасына сәйкес "Қазақстан Республи- касының Республикалық ұланының Астана қаласында келісім- шартты әскери қызмет- шілеріне арналған жатақхана құрылысын салу" инвестициялық жобасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар: 1. Жобалау-сметалық құжаттаманы дайындау және өткізу. 2. Белгіленген түрде қабылданған жобалық- | Жыл бойы | Респуб- ликалық ұлан |

сметалық құжаттама-
ларға сәйкес:
-құрылыстық-монтаждық
жұмыстар жасау;
-тиесілі аумақты
абаттандыру және
инженерлік жүйесін
өткізу.

---

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: Астана қаласында келісім-шартты әскери қызметшілер үшін Қазақстан Республикасы Республикалық ұланының жатақханасын пайдалануға беру.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2004 жылғы 22 желтоқсандағы
N 1354 қаулысына
398-қосымша

*Ескерту. 398-қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.05.25. N* 509 *қаулысымен.*

678 - Қазақстан Республикасының Республикалық ұланы

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2005 жылға арналған "Әскери қызметшілерді және олардың отбасы мүшелерін емдеу" деген 003 республикалық бюджеттік бағдарламаның ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 41583 мың теңге (қырық бір миллион бес жүз сексен үш мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: 2004 жылғы 24 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Бюджеттік кодексі ; "Әскери қызметшілердің және олардың отбасы мүшелерінің дәрежесі және оларды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 20 қаңтардағы Заңының 13-бабы ; " Республикалық ұлан туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 5 желтоқсандағы Заңы ; Қазақстан Республикасының 2004 жылдың 2 желтоқсанындағы " 2005 жылдың республикалық бюджеті туралы" Заңы ; "Қазақстан Республикасының Республикалық ұланы туралы Ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 28 тамыздағы N 1428 Жарлығы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Қазақстан Республикасы Республикалық

ұланының барлық санаттағы әскери қызметшілеріне, әскери зейнеткерлеріне, әскери қызметшілердің отбасы мүшелеріне мамандандырылған медициналық көмек көрсету.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: Қазақстан Республикасы Республикалық ұланының жеке құрамын медициналық қамтамасыз ету; медициналық мүліктермен және медикаменттермен жабдықтау; барлық санаттағы әскери қызметшілерге, әскери зейнеткерлерге, Республикалық ұлан әскери қызметшілерінің отбасы мүшелеріне амбулаторияда және стационарда мамандандырылған медициналық көмек көрсету; әскери қызметке шақыру, әскери қызметшіні запасқа босату кезінде және олардың әскери қызметке жарамдылық дәрежесін анықтау үшін куәландыру жүргізу кезінде әскери-дәрігерлік сараптама жүргізу.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

| N п/п | Бағ. дар. лама коды | Кіші бағ. дар. лама коды | Кіші бағдарлама. лардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орын- даушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 003 | | Әскери қыз- метшілерді және олардың отбасы мүше- лерін емдеу | Штат санының шегінде 54 бірлік әскери қызметшілер мен қызметшілерді ұстау. Арзан тауарлық-мате- риалдық құндыларды Республикалық ұлан- ның 1750 әскери қыз- метшісін емдеу үшін медикаменттер сатып алу. Штат санының шегінде бекітілген норматив- терге сәйкес жиһаз- дар, медициналық және шаруашылық сай- мандарды, жабдықтарды сатып алу. Әскери қызметшілер | Жыл бойы | Респуб- ликалық ұлан |

мен қызметшілерге кеңейтілген медициналық тексеру қызметтерін көрсету. Ғимараттарды, үй-жайларды және басқа негізгі құралдарды ұстау, қызмет көрсету, ағымды жөндеу жүргізу жөніндегі қызметтер. Байланыс қызметіне төлем төлеу. Сатып алу: -стерильденген аспаптарды сақтауға арналған камера - 2 жиынтық; -медициналық шкаф - 2 жиынтық; -портативті PH-метр - 1 жиынтық; -кептіретін-стерилизациялайтын шкаф - 2 жиынтық.

---

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: тұрақты жауынгерлік әзірлікті ұстау үшін сапалы және уақытында медициналық көмек көрсету; әскери қызметшілер мен олардың отбасы мүшелерінің арасында науқастану деңгейін төмендету.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 22 желтоқсандағы N 1354 қаулысына 399-қосымша

678 - Қазақстан Республикасының Республикалық ұланы

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2005 жылға арналған "Терроризмге және экстремизм мен сепаратизмнің**

**басқа да көріністеріне қарсы күрес" деген 110 республикалық бюджеттік бағдарламаның ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 75000 мың теңге (жетпіс бес миллион теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: 2004 жылдың 24 сәуіріндегі Қазақстан Республикасының Бюджеттік кодексі ; Қазақстан Республикасының 2004 жылдың 2 желтоқсанындағы "2005 жылдың республикалық бюджеті туралы" Заңы ; "2004-2006 жылдары Қазақстан Республикасында терроризммен, экстремизммен және сепаратизммен күресудің мемлекеттік бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 16 наурыздағы N 1305 Жарлығы ; "2004-2006 жылдары Қазақстан Республикасында терроризммен, экстремизммен және сепаратизммен күресудің мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар Жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 сәуірдегі N 483-17қ. қаулысы.

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Қазақстан Республикасында терроризмге, экстремизмге және сепаратизмге қарсы іс-қимылдың және қоғамдық тиімді шаралар жүйесін одан әрі қалыптастыру.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: терроризмге, экстремизмге және сепаратизмге қарсы іс-қимыл механизмін жетілдіру; терроризммен, экстремизммен және сепаратизммен күрес саласында ведомствоаралық өзара іс-қимыл тиімділігін арттыру.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

| N п/п | Бағ.дар.лама коды | Кіші бағ.дар.лама коды | Кіші бағдарлама.лардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орын-даушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 110 | | Терроризмге және экстре-мизм мен сепаратизмнің басқа да көріністеріне | Оқу орталығында жауынгерлік даярлық объектілерін салу: 1. Барлаушының соқпақ жолы; 2. Тактикалық кешен. | Жыл бойы | Респуб-ликалық ұлан |

қарсы күрес Сатып алу:
-антиснайпер ОСВ-96 - 2 дана;
-Түнде көретін құрал - 10 дана;
-түнгі нысаналар - 20 дана;
-арнайы барлау взводына арналған арнайы жарақтары мен аяқ киімдері - 25 жиынтық;
-3 класты қорғаныс бронежилеттері - 150 дана;
-ауыр жилеттер - 150 дана;
-әскери дүрбілер - 12 дана;
-"Бизон" Тапанша-пулеметі - 100 дана;
-көлікті мәжбүрлеп тоқтатуға арналған құрал - 2 жиынтық;
-металодетектор - 9 дана;
-көлікті тексеруге арналған айна - 9 жиынтық.
Күзетудің техникалық құралдарын сатып алу және орнату.

---

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: республика аумағында террористік, экстремистік және сепаратистік көріністердің болуының алдын алу терроризмге, экстремизмге және сепаратизмге қарсы күресте мемлекеттік органдардың келісімді іс-қимылын қамтамасыз ету; терроризмге қарсы күрес жөніндегі бөлімшелердің материалдық-техникалық базасын бекіту, арнайы техникалық

құралдарымен жарақтау арқылы Қазақстан аумағында терроршылық актілерді, экстремистік және сепаратистік іс-қимылдарды болдырмау жөніндегі міндеттерді қажетті сапалық деңгейде шешуді қамтамасыз ету.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК